



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

Wáng xiānsheng mǎi le yí liàng chē.

В простом предложении может использоваться обязательная модальная частица и факультативная перфектная частица.

王先生买了车了。(=王先生买车了。)

Wáng xiānsheng mǎi le chē le.

了 это ещё и [liǎo]

Это последний аспект употребления частицы 了, когда звучит она уже не как привычное [le], а как новое [liǎo]. В словарях пишут, что смысл данного слова в завершённости, законченности.

Это не частица, как [le], а дополнение, следующее сразу после глагола с целью подробно описать действие. Liǎo используется для обозначения того, может ли выражаемое глаголом действие окончиться успехом или нет. Также, данное дополнение указывает, является ли действие возможным.

Для этих целей 了 [liǎo] комбинируется с 得 [de] («возможно»), либо 不 [bù] («невозможно»). Таким образом, 得了 означает, что действие может быть совершено, а 不了, напротив, означает невозможность действия. [3, 75]

我做得了。

wǒ zuò dé liǎo.

Я могу сделать это.

我受不了。

wǒ shòu bù liǎo.

Я не могу выдержать этого.

Иногда le и liǎo встречаются вместе в одном предложении — этим обозначается возможность или невозможность сделать что-либо вообще. Если вам встретится странное раздвоение 了了, знайте, что произносится оно как “liǎo le”.

我吃不了了。

wǒ chī bù liǎo le.

Я не могу больше есть.

Из данного материала можно сделать вывод, что использование частицы 了 в китайском языке широко распространено, она может быть использована как суффикс 了 после глагола и обозначать завершенность действия, как модальная частица 了 в конце предложения и обозначать изменение качества, перемену, создание новой ситуации. Также частица 了 может встречаться как суффикс и модальная частица в одном предложении, что означает завершенность действия и создание новой ситуации либо ее перемена.

Список использованных источников

1. Горелов В.И. Грамматика китайского языка. –Пекин, 1982
2. Лу Жиан Мин. Проблемы в изучении китайского языка.-Пекин, 1994
3. Лиу Шу Шин. Семантика слов китайского языка .- Сюе Лин, 2011

ӨОЖ39(=581)(=512.122)

ҚЫТАЙДЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ДӘСТҮРІМЕН ҰҚСАСТЫҒЫ.

Орынбай Ақбота Бауыржанқызы.

Angel_anara@list.ru

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қытай филологиясының
студенті, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Қытай этносы қытай халқының басқа халықтардан өзгеше мәдениетінің қалыптасуына ерекше ықпал жасады. Қытай елінде о дүниедегі рахат өмірді уағыз-даушылардан гөрі, осы нақты өмірдің мән-мағынасын терең түсіне отырып «өмір үшін өмір сүруге» үйретушілерді ұлылар қатарына жатқызып, олардың даналық қағидаларына бас иген. Дәстүрлі қытай мәдениетінің өзіндік бет-бейнесінің қалыптасуына діннен гөрі, салттық этиканың ерекше әсер етуі де осы жағдайға тікелей байланысты болса керек. Жалпы, қытайлар — барға қанағатшыл халық. Өздері тура біздің қазақ секілді ырымшыл. [7,21].

Қытайларда үйлену салты бірнеше сатыдан, ұзақ уақыт пен сан түрлі ғұрыпты қажет ететін күрделі процестен тұрады екен. Ең алдымен бұл процесс өзіміздегідей құдалықтан басталады. Күйеу жігіттің әкесі қалыңдықтың үйіне ауылдың сыйлы азаматтарынан немесе ағайындар арасындағы беделділерінен құралған бір топ ер кісіні таңдап алып, құда түсуге жібереді. Қытайдың кейбір аудандарында, мәселен, оңтүстігінде, құдалар ретінде әйел адамдар іріктеледі. Көптеген ауылдардың өзінің беткеұстар кәсіпқой құдалары болатын көрінеді. Құдалыққа барғандарды Қытайда «бинь жень» деп атайды. Яғни біздің тілімізде — жаушы.

Құдалықтың өзі бірнеше сатыдан тұрады. Жігіттің әке-шешесі жаушылар арқылы қалыңдық жағына «цау те узы» деп аталатын, қызыл конвертке салынған хат жолдайды екен. Мұнда күйеу баланың ататегі мен туған жылы, айы, күні, тіпті дәл өмірге келген уақытына дейін жазылатын болған. Бұл хатты алған қыздың ата-анасы осында көрсетілген жігіттің параметрлерін балгерге беріп, өз перзентімен сәйкестігін сараптап көреді. Егер балгер жорамалын жасап, екі жастың одағын оңдаса, жігіт жағына жауап ретінде қыз туралы мәлімет жазылған хат жолданады. Бұл құдалыққа келісім берілді деген мағынаны білдіреді. Сөйтіп, екі жақ екі хатқа ие болады. Бұдан кейін дәстүр бойынша хаттарды әр үй өз босағаларына іліп қойып, үш күн күтеді екен. Егер де осы үш күн ішінде отбасы ішінде ешкім қайғылы жағдайға ұшырамаса, Аспан мен Жер бұл құрылғалы отырған одаққа өз ризашылығын берді деген сөз. Яғни құдаласу процесі ары қарай жалғаса түседі. Ал осы уақыт ішінде үйде біреу қатты ауырып қалса немесе өмірден өтіп кетсе, құдалық дереу тоқтатылады. Бұл жоралғы да «жолы жақсы келінді» жаны қалайтын қазақтың дәстүріне жақын.

Сонымен, алғашқы қадам мынадай. Енді хат алмасу процесін екі арада болатын зат алмасу салты жалғастырады. Екі жақ жаушы жіберу арқылы бір-бірімен келісімге келгеннен кейін, құдалар арасында «юэдин» (қытай тілінен аударғанда «кіші келісім» деген мағынаны береді) басталады. «Юэдин» — кіші құдалық екі жақ арасында жасалатын келісімшарт болып табылады.

Әрі қарай қыздың жасауын дайындау дәстүрі жалғасады. Бұл қазақтың кейінгі кезде «кит әзірлеу» деп аталып жүрген салтын еске салады. Алдымен жігіт жағынан қызға арнап сырға, жұп санды білезік, алқа және т.б. әшекейлі бұйымдар, қызыл түсті құрақ маталар, алтын теңгелер жібереді. Ал қыз жағы оған қарымта ретінде таңдаулы сортты шай, шарап, дәнді дақылдардан тұратын қомақты азық-түлік қорын жолдайды. Сонымен қатар юэдин кезінде екі жақ бір-біріне сырт жағында әйел бастамасы — феникс пен еркек бастамасы — айдаһар бейнелері бедерленген қызыл түсті ұзын мата немесе қағаз ұсынатын болған. Бұл қағаздарда немесе маталарда екі жақтың ататегі, тұрмыс жағдайы жайында мәліметтер жазылып, ер жігіттің қалыңдыққа берілетін қалыңмал бағасы айтылады. Бұл біздің қазағымыздың «сырға тағу» мен «баталасу» дәстүріне келеді. Тек қазақтан айырмашылығы, аталмыш кәделер құдалар бір-бірімен беттеспей тұрып, сырттай жасалады. Қызға берілетін қалыңмалдың («уанг сусу» — қалыңмал) бағасы келісіліп, оны жігіт жағы қыздың үйіне қорап-қорап сый-сияпат ретінде жібереді. Сонымен қатар бұл қораптарды мейлінше көлемді етіп, ішін керекті-керексіз затқа толтырып жолдайды екен. Себебі бұл қораптар қолға тиген бойда ішіне қыздың төсек-орны салынып қайтарылатын көрінеді. [57,253].

Назар аударатын болсақ, қытайлардың салт-дәстүрлерінде қызыл түс көп пайдаланылатынын байқаймыз. Тіпті Қытай елінің мемлекеттік туына дейін қызыл. Өйткені қызыл түс қытайлардың қасиетті түсі болып саналады. Олар бақытты да қызыл түсті болып

келеді деп сеніп, «хонгшуангси» деп әспеттейді. «Хонгшуангси» — қызыл түсті қос бақыт дегенді білдіреді. Қайда барсаң да қызыл түсті көресің.

Қытай халқының ерекше құрметтейтін түсі – қызыл. Қызыл түс – ырыс пен бақтың нышаны. Сондықтан да, қытай халқы кез келген сыйды қызыл түсті қорап пен қағазға орайды. Әдетте, үйлену тойына олар байлық, бақыт, ұзақ ғұмыр, шаттық сияқты тәңірлердің мүсіндерін сыйлайды.

Қасиетті қызыл тойға да кезек келді. Қытайлардың үйлену тойын — қызыл той десек те артық болмас. Қызыл конверт, қызыл мата, той болатын үйде босағаны жағалай ілінген қызыл шамдар... Күйеубала мен қалыңдықтың, құда-құдағидың тойда киетін киімінің түсі қандай деп ойлайсыз? Әрине, қызыл түсті. Қытайда алғаш көріскен немесе көптен бері жүздеспеген адамдар кездескен сәтте атқарылатын салттар да бар. Сыйлы адамдарды қабылдау кезінде немесе туған-туыстар бас қосқанда, тіпті қандай да болсын, бір себеппен екі қытай кездесе қалса да, бірге отырып, шай ішеді.

Үйлену тойларында да шайдың орны бөлек. Мұнда шай берудің екі үрдісі бар. Біреуі «үлкендерге құрмет көрсету», екіншісі «ұлы елге айналу» (бауырласу) деп аталады. Құрмет көрсетуде жаңа отау құрушы екі жас тізерлеп тұрып, бір-бірінің әке шешесіне кесе ұсынып, шай ішкізеді. Бауырласуда екі жақтың отбасының мүшесі боп саналатын әр адамның аты, шаңырақтағы өзіндік орны аталып, арнайы шай таратылады. Яғни үйлену дәстүріндегі шайдың мәні зор. Дегенмен қытайлық құдалар алғашқы жүздесуде шай емес, шарап ішеді. Өйткені оның түсі де қызыл. Бастамасы бақыттан болсын деген ырыммен құда-құдағи әдетте шараптан алып отырады екен. Беттесу барысында екі жақ арасында тағы да сый алмасу үрдісі болады.

Біздердегідей шапан жабу салты оларда да бар. Бірақ бұларда екі құда бір-біріне халат жапқызады. Әйелдер жағы өзара шағын тоқымалы орамалдар алмасады. Әрине, халат та, орамал да толығымен демесе де, қызыл түстің қатысуынсыз болмайды. Сонымен қатар қазақта құйрық-бауыр асату деген кәде бар емес пе? Сол секілді бұларда да асатудың бір-екі түрі болса керек. Ата-енесімен танысуға келген күйеубалаға енесі қызыл түсті екі түйір бұршақ береді екен. Күйеубала ол бұршақтарды кеседегі суға салып, сол күйінде суымен қоса жұтып жіберуге тиіс. Бұл ұрпақты болсын деген ниетпен жасалатын ырымға жатады. Сондай-ақ қызға да арналған арнайы «асату» салты болады. Ата-енесі болашақ келініне ішіндегі еті әлі қып-қызыл, шикілей піскен тұшпара асатады. Тұшпара — қытайлар үшін байлықтың белгісі. Ал «шикі» сөзі қытай тілінде «туу» және «туылу» сөздерімен бірдей дыбысталады. «Шынг». Бай, балалы бол деген мағынада жасалатын ырым. Осындай ұсақ-түйек ырым, кәделерін атқарып болып, құдалар үйлену уақытын белгілейді де, шағын той жасап, қызды қызыл зембілге отырғызып алып кететін ұлы күнге дейін қош айтысып, тарқасады.

Құдаласқаннан соң «шақырту» басталады. Екі жақ өз ағайын-тума, көрші-қоландарына пісірілген тоқаш түрінде шақырту жібереді. Бұл тоқаштардың бетінде жоғарыда аталған әйел мен еркек бастамалары — феникс пен айдаһар бейнеленеді. Оның қасына той иелерінің есімі жазылған шағын қызыл тақтайшалар қоса беріледі.

Ант шайының шарапаты. Қытайлардың үйлену үрдісінің бізге ұқсататын тағы бір жері бар. Ол — сыңсу салты. Тек қытай қызының сыңсуы үш күнге созылады екен. Үйінен кетерден бұрын қыз ауладан аспай, іштен арнайы орын тауып алып, үш күн бойы достарымен, туған-туыстарымен қоштасумен болады. Осы күндері қыздың көзінен аққан жас тыйылмайды. Бұл қыздың ішінде жатқан шерін, мұңын, қылығының барлығын осы үйде тастап, жаңа үйге таза, бос, пәк көңілмен аттанудың белгісі көрінеді. Кетер кезінде көзіне жас алмауды көргенсіздікке санаған. Бұл күні қыз бала «жүзін тазарту» мақсатында беттеріндегі артық қылшық, түктердің барлығын жұлып, бетін ақ опамен бояған. Сонымен қоса, шаш үлгісін қыз кейпінен әйелдікке өзгерту мақсатында күні бойы шаш тараумен болған. Бұл істе қасына көмекші ретінде жолы жеңіл жеңгелерінің бірін алған.

Күн ортасынан ауа берген шақта қызылды-сарылы безендірілген зембіл көтеріп, жігіттің өкілдері келеді. Дәстүр бойынша бір әйел, бір жас қыз қалыңдықты екі қолтығынан

демеп, оған сыңсу айтқызып, осы зембілге отырғызуға тиіс. Сол отырғаннан келіннің аяғы жерге тимеуі керек. Ол пәк күйінде аттанып, жолда бәле-жаланы аяғына ілмей, сол күйінде жаңа босағаны аттау керектігін білдіреді. Зембіл үйге жақындаған уақытта күйеубала қытай мифологиясында ұрпақ тарату құдайы болып саналатын Чжан-сянь кейпіне еніп тұрады. Зембіл көріне бастағаннан-ақ ол сол жаққа қарай садақ оқтарын атуы керек. Бұның көздеген нысанасы — әрине, өзінің болашақ жары емес. Қытай аңыздары бойынша Чжан-сянь жын-шайтандарды садақ оғымен атып қуған екен. Сол секілді бұл болашақ күйеудің өз жарымен бірге жаңа босағаға жын-жыпырдың еріп келуінен сақтану мақсатында жасап жатқан дәстүрлі шарасы көрінеді. Қыз зембіл тоқтаған жерден босағаға дейін төселген қызыл кілемше үстімен жүріп өтеді. Босаға алдында қытайлар үшін жайлылық пен тыныштықтың белгісі болып саналатын ерден аттайды. Кіреберісте Аспан мен Жердің, Күн мен Айдың құдайларына арналған дастарқан жайылған столға, сосын осы үйдің иелеріне иіліп сәлем беру міндет. Осы сәтте олардың неке қию салтанаты басталып, екі жас ата-ана, ағайын-туыс, көрші-қолаң, дос-жарандарының көзінше бір-біріне адал болуға ант етеді. Күйеу жігіт жарын қолынан жетектеп төсек үстіне апарып отырғызады. Бұдан кейін біздің бір кеседен неке суын ішетініміздей, бұлар да «ант шайын ішеді». Бірақ олар бір кесе емес, екі кеседен, бір-бірінің қолынан ішеді. Бұл ыдыстары «кеселері ортақтасты, яғни бастары қосылды» дегенді білдіреді.

Айта кететін жайт, осы кәделердің барысында қыз баланың беті бас киіміне ілінген шағын пердемен бүркеулі болады. Анттарын беріп, шайдан ұрттағаннан кейін, жігіт жағынан жолы болған жеңешелерінің біреуі келіп, қыз бетіндегі пердені шешеді. Содан кейін жас келіннің бетінен піскен жұмыртқамен сипап жүргізіп өтеді де, оның қолына ұсынады. Бұл екі бірдей кәде — Аспанасты елі тұрғындарының келін түсірудегі өзіндік май құюы мен бет-ашары. Соңғы екі кәде үйлену салты мен әдет-ғұрыптарының ақырғы сатысы болып табылады. Беті ашылған келінді қалаған адам келіп көруіне болады. Сонымен қатар ол адамдар келіннің бетіне тесіле қарап, жеңіл ғана балағаттау сөздерін айтуға тиісті. Және де жас келін оған елең қылмай, бұл айтылған сөздерді көңіліне алмауы керек. Ешбір сөзді елемеген қалпы, екі көзін төмен салып, дыбыс шығармай отыруға тиіс. Бұл — көз тимесін деген мақсатта әдейі жасалатын дағды. Ары қарай ұлы мереке ұлттық ойын, ән мен күй, әзіл мен күлкіге толы үлкен тоймен жалғасын табады. Той өткеннен кейінгі алғашқы таңда жас келіншек өзіміздің қазақ келіндеріндей ерте тұрып, дастарқан жайып, ата-енесіне тәтті шайын беруге міндетті екен. [63,187].

Қытайда отау құрған жас жұбайлардың тойына келмеген кісілер болса жастардың атқаратын тағы бір міндеті бар. Ол шитанг беру. Шитанг — қытай тілінен төтелей аударғанда «бақыт тоқашы» деген мағынаны білдіреді. Шитанг дегеніміз ішінде түрлі тәтті қоспасы бар, көлемі хоккейдің шайбасындай, үлбіреп пісірілген шағын тоқаш. Кейде оның орнына кез келген торттың кесінділері жүре береді. Бірақ шитангтің орны бөлек. Егер сенің танысың үйленіп, оның тойына қатыса алмасаң, ол саған қайта көріскен кезде шитанг беруі керек. Бұл — адамдардың бір-бірінің бақытына ортақтасуының, қуанышын бөлісуінің белгісі. Жұғысты болсын дегені. Шитанг деген — бақыт тоқашы. Яғни бақыттың дәмі. Егер үйленген адам сенімен шитангін бөліспесе, оған ренжуге хақың бар. Сондықтан ол байқамай қалса, ұмытып кетіп жатса, немесе бұл туралы мүлде білмеген болса, сен шитангті отау құрған адамнан сұрап алуың керек. Қытайлар заңды қалай қадірлесе, дәстүрді одан бетер құрметтейді. [12,48].

Тіліміз, дініміз, түріміз бөлек болғанымен адам өміріндегі ең маңызды салтанатты күнді тойлаудағы әдет-ғұрып, салт-дәстүріміздің ұқсастығы бір ғажап. Жоғарыда келтірілген үрдістердің барлығы демесек те, түгел дерлігі екі елде де әлі күнге дейін сақталған. Құда түсу, қыз ұзату, ас асату, қалыңмал... Сан елдің ертедегі тарихынан хабар беретін, бүгінге дейін ұмытылмаған дағдылар мен үрдістер, салттар мен дәстүрлер осылайша өзара қабысып жатыр.

Шынында да, қазіргі заманда салт-дәстүрге көп көңіл бөліне бермейді. Көптеген тойлар бір сценариймен жасалады: қыз бен жігіттің әке-шешесі мейрамханада кездеседі, той шығынын ақылдасады. Той күні бәрі неке сарайында бас қосады. Жас жұбайлар жүзік алмасады. Сонымен той жасалады. Біреулер осының барлығына да басын қатырмай, АХАЖ-

ға (ЗАГС) барып, неке куәлігіне қолын қоя салады. Инновацияны қолданып, ілгері жылжымыз деп ой-санамыз бен рухани дүниеміздің кейін шегінгенін байқамай жатырмыз. Жоғарыдағыны оқып, қалың елдің кәделерінен мәлімет ала отырып, өз халқымыздың салт-дәстүрімен салыстырсақ, рухани байлығымыздың қаншалықты мол екеніне көзіміз жетеді. Қазақта да, Қытайда да ата-бабалар қалдырған ұлттық ой-сана, үрдіс-дағды, салт-дәстүр молынан сақталып қалғанын білдіреді. Екі елде де үлкенге құрмет, сыйлыға сый-сияпат, әкешешеге деген ілтипат көрсету үрдісі бар. Мұны күллі шығыс жұртының ортақ құндылығы деуге болады. Қыз алып, қыз беріскен құдалық қай халыққа да жат емес екенін осыдан аңғарамыз.

Қолданылған әдебиет

1. Мәдениеттану: ЖОО және колледж студенттеріне арналған.
2. Мәдениеттану негіздері: Оқулық-Алматы Дәнекер 2000.
3. Алдабек Н.Ә. “Орта ғасырлардағы Қытай тарихы” 2004.
4. Төлеубеков Т.Қ. Дәуренбекова Ғ.Т. “Мәдениеттану”

УДК 811.581’276:004.738.5

ВЛИЯНИЕ И ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ИНТЕРНЕТ-СЛЕНГОВ В КИТАЙСКОМ ЯЗЫКЕ

Оспанова Жанерке

zhanera.ospanova@88qmail.com

магистр, преподаватель китайского языка

Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

1. Актуальность исследования

21 век – век новых технологий и высокого развития интернета. Все новые явления в мире техники активно внедряются в нашу речь. В частности, интернет стал основной причиной создания интернет языка. С появлением компьютера и самого интернета, китайский язык, как и все другие языки, стал принимать и употреблять новые трансформированные слова. Эти слова являются в какой-то степени отражением социальных изменений, которые напрямую влияют на жизнь людей. Для многомиллионных китайских пользователей интернет ресурсов, слова, появившиеся на фоне каких-либо событий в нашем социуме, имеют все большее значение и внедряются в китайскую речь. Интернет-сленги обновляются с невероятной скоростью. Некоторые слова даже становятся частью китайского языка. Многие китайцы зачастую не знают происхождение тех или иных интернет-сленгов. Однако активно используют их в своей повседневной речи.

2. Объяснение понятия «интернет-сленг»

Сленг ([англ. slang](#)) — набор особых [слов](#) или новых значений уже существующих слов, употребляемых в различных группах людей (профессиональных, общественных, возрастных и т.д.)

В отличие от [просторечных выражений](#), сленг активно используют в своей речи и образованные люди, представители определённой возрастной или профессиональной группы. Часто этим как раз и подчёркивается принадлежность к определённой группе людей. Общеизвестный пример – [молодёжный сленг](#). По функциональному применению к сленгу примыкают [контролируемые языки](#), в частности [упрощённые технические языки](#), однако, в отличие от них, сленг обычно не подразумевает строгой формальной регламентации и отражает живое развитие разговорной речи. [Лингвисты](#) выделяют так называемое «новое [просторечие](#)» («общий сленг»), которое представляет собой обширную группу нестандартных [лексико-фразеологических](#) единиц, постоянно пополняющихся за счёт различных [социолектов](#). Эти единицы, выходя за пределы профессионального и